

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

DEXP A3U-U3
3.5" сыртқы боксы

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын бұйымды таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапаға, атқарымдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған және өндірілген бұйымдар құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау туралы ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз, бұйымды одан әрі пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

HDD/SSD арналған сыртқы бокс USB арқылы ақпаратты қосуға және беруге, сондай-ақ қатқыл дискіні қауіпсіз сақтауға және тасымалдауға арналған.

Сақтық шаралары

- Бұйымды күн сәулелері, экстремалды температуралар әсеріне немесе шамадан тыс қыздыруға ұшыратпаңыз.
- Кез келген зақымдар анықталған жағдайда оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз және авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз. Ешқашан құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектеуге немесе жөндеуге тырыспаңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Қолдау көрсетілетін HDD/SSD форматтары: 2.5"/3.5".
- Барынша қолдау көрсетілетін HDD/SSD көлемі: 10 ТБ.
- Қосылатын HDD интерфейсі: SATA.
- Кері үйлесімділік: USB 2.0/1.1.
- Plug&play, ыстық алмастыру функциясы.
- Кіріктірілген желдеткіш 70 мм.
- ДК-ға қосылу интерфейсі: USB 3.0.
- Деректерді беру жылдамдығы: 5 Гбит/с дейін.
- Операциялық жүйе: Windows 98/2000/XP/Vista/7/8/10, Mac OS X.

Жиынтықтығы

- Сыртқы боксы.
- Қуат адаптері.
- 3.0 USB кабелі.
- Бұрамалар.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Суретте көрсетілгендей бокс тұғырығын жиып қойыңыз.



2. Боксты ашу үшін қақпақты басыңыз.



3. Қатқыл дискідегі бұрамаларды қолмен бұраңыз.



4. Қатқыл дискіні бұрамаларымен төмен қаратып, боксқа салыңыз, содан кейін оны солға сырғытыңыз.



5. Боксты жабыңыз.



6. Қатқыл дискі салынған боксты компьютерге USB-кабелі арқылы жалғаңыз.

Ескертулер:

- Пайдалануды бастамас бұрын қатқыл дискіні пішімдеу керек.
- Деректерді беру немесе сақтау процесі кезінде олардың бүлінуіне және жоғалуына жол бермеу үшін құрылғыны ажыратпаңыз.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен құрылысында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету бұйым пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес пайдалану шартымен, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 1 жыл.

Пайдалану мерзімі: 2 жыл.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату шарттары мен ережелері

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Өндіруші мен тұтынушыда құрылғыны сақтау, ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жылытылатын үй-жайларда қаптамада жүзеге асырылуы керек. Үй-жайларда коррозияны тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдар, сілтілер бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы ұқыпты қарауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы бұйымды дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда уәкілетті қызмет көрсету орталығына дереу хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь ХуэйДэГуй Сайенс энд Тэкнолоджи Дивелопмент Ко., Лтд.
Чжу Гу Ши тас жолы 44, Лунган ауданының У Лянь көш., Шэньчжэнь, Қытай.

Импорттер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С,
Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС,
Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның жинақтамасы мен функционалдығы
пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжай: www.dexp.club

www.dexp.club